



Баспасөз ақпараты

Сбербанк коммерциялық банктердің алғашқыларының бірі болып «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша құрылысты қаржыландыруды бастады.

13 маусым 2017 жыл, Ақтөбе – Сбербанк «Соллерс» компаниясына тұрғын үй құрылысына «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында 400 миллион теңге сомасына кредиттік желі ашты. Бөлінген қаражатқа құрылыс компаниясы Ақтөбе қаласында жалпы ауданы 3771 м² құрайтын 9 қабатты тұрғын үй салады.

«Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасының арқасында тұрғын үй құрылыс секторы және ипотекалық кредиттеу нарығы жағымды динамиканы көрсете бастады», - деп «Сбербанк» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасы Александр Камалов атап көрсетті. – Біздің банк Қазақстан үшін осындай әлеуметтік маңызы зор бағдарлама бойынша жұмысты жандандырды. Сонымен қатар, оны жүзеге асыру елдің экономикалық жағдайының жоғарылауына ықпал ететін болады, өйткені өндірістегі бір жұмыс орны айналада жеті жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді».

«Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасын орындау мақсатында Сбербанк, "Қазақстан тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ және «Соллерс» құрылыс компаниясы арасында келісім жасалды. Құжатқа сәйкес салынған үйдегі пәтерлердің 50%-ы Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі салымшылары арасында сатылатын болады. Олар үшін 1 шаршы метрдің құны 140 000 теңгені құрайды. Пәтерлердің қалған 50%-ын құрылысшы өз бетінше сата алады немесе ҚТҚЖБ клиенттеріне ұсына алады. Ақтөбе қаласында жаңа үйді пайдалануға енгізу 2017 жылғы 15 тамызға белгіленді.

«Банктің мақсаты – өз салымшыларын тұрғын үймен қамтамасыз ету. Бұл жағдайда олар үшін меншікті пәтерді сатып алу талаптары барынша қол жетімді болуы тиіс. Дәл осы салада біз үздіксіз жұмыс істеп жатырмыз. Ал қол жеткізілген келісім - бұл біздің бірлескен жұмысымыздың нәтижесі. Бұл - баспанасы жоқ қазақстандықтарды қолдаудың жаңа механизмі. Енді олар шаршы метрлерді төмендетілген бағалар бойынша сатып ала алады" – деп айтты "Қазақстан тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ Басқарма Төрағасы Ляззат Ибрагимова».

Сонымен қатар, қаржыландыру аясында құрылысшы жылдық 7% мөлшерінде «Даму» қорынан кредитке субсидия алады.

«Нұрлы жер» бағдарламасы бағыттарының бірі - жеке құрылысшыларды тұрғын үй салуға ынталандыру, ол ЕДБ-ның жеке құрылысшыларға беретін кредиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауды көздейді. Бұл механизм соңғы тұтынушылар үшін шаршы метрдің құнын төмендетуге мүмкіндік береді», - деп «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма Төрағасы Абай Саркулов атап өтті.

####

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ – кәсіпкерлердің кредиттері бойынша сыйақыны субсидиялаудың және кәсіпкерлердің банктер алдындағы кредиттерін кепілдендірудің қаржылық агенті, сондай-ақ «Бизнестің жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы аясында оқыту мен кеңес беру бойынша бағдарламалардың операторы функциясын орындайды. «Даму» қорының филиалдары Қазақстанның барлық аймақтарында жұмыс істейді, жергілікті кәсіпкерлермен, қоғамдық

ұйымдармен және жергілікті атқарушы билік органдарымен жұмыстың едәуір тәжірибесі бар.

«Қазақстан тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, «Байтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ еншілес ұйымы тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесін жүзеге асырушы Қазақстандағы жалғыз банк болып табылады.

«Соллерс» ЖШС Қазақстанның құрылыс нарығында 2010 жылдан бастап жұмыс істейді, бірақ та өзін адал және сапалы құрылысшы ретінде танытып үлгерді. Компания Ақтөбе қаласынан бастап Ресей Федерациясы шекарасына дейін «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық транзиттік дәліз құрылысына қатысты.

«Сбербанк» АҚ ЕБ халықаралық Сбербанк тобына кіреді. Банк Қазақстанның қаржы нарығында 10 жыл табысты жұмыс істеп келеді және активтерінің көлемі бойынша Қазақстандағы ЕДБ арасында 4-орынды алады. Бүгінгі таңда «Сбербанк» АҚ ЕБ-нің 81 құрылымдық бөлімшеден тұратын филиалдық желісі бар, оның 16-сы - филиал. Банктің Орталық офісі Алматы қаласында орналасқан.

Қосымша ақпаратты алу үшін Сіз әрдайым төмендегі қызметкерлерге хабарласа аласыз:

«Сбербанк» АҚ ЕБ
Екатерина Купреева
+7 (727) 266 35 68 (ішкі 502499)
e-mail: yekaterina.kupreeva@sberbank.kz

Евгений Круглик
+7 (727) 266 35 68 (ішкі 501237)
e-mail: yevgeniy.kruglik@sberbank.kz

www.sberbank.kz